

Мусинова Гүлмира Сұлтанғазықызының 6D020500 – Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Семей сынақ полигоны: тарихи деректер және әдеби-жанрлық интерпретация» атты диссертациясына

П І К І Р

Диссертация жалпы әдебиеттану ғылымында бұрын жете зерттелмеген, арнайы қарастырылмаған тың тақырыпқа жазылғандығымен ерекшеленеді. Өйткені Семей сынақ полигоны тарих қойнауында қаншалықты терең із қалдырса, көркем әдебиетте де соншалықты кең көрініс тапты. Дәуір шындығын бейнелеген ақындық муза халықтың қаһарлы үнімен бірге тұтанып, сынақ дүрсілінен де өктем естілді. Сол себепті аталмыш мәселенің жеке тақырып етіп зерттелуі көңілге қонымды. Ұсынылып отырған жұмыс осындай өзекті мәселені көтергендігімен де құнды.

Зерттеуші жұмыстың негізгі бөлімін екі бөлімге бөліп сөз еткен. Сол бөлімдердің әрқайсысын үлкен бір проблемаға құра білген. Ол «Семей сынақ полигоны туралы тарихи деректер және әдеби процесс», «Семей сынақ полигоны және әдеби-жанрлық интерпретация» мәселелерін нақты деректі құжаттар мен шығармалар негізінде жан-жақты зерттеуде табысқа жеткен. Осындай талдаулардың нәтижесінде докторант алдына қойған мақсатын өз дәрежесінде орындаған.

Осы тақырыпты тыңғылықты зерттеп жүрген докторант өзіне дейінгі әдебиеттанушы ғалымдардың еңбектерін мұқият ескере отырып, солардың негізінде жаңа тұжырымдар ұсынған.

Докторанттың ойы анық, өзіндік айтары бар. Талдаудың нәтижесінде жасаған тұжырымдары да көңілге қонымды. Осы тақырып негізінде жарық көрген зерттеу еңбектері мен ғылыми мақалалары докторанттың ұсынылған тақырыпты тыңғылықты зерттей білгендігін байқатады. Сондықтан, Мусинова Гүлмира Сұлтанғазықызының 6D020500 – Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынып отырған «Семей сынақ полигоны: тарихи деректер және әдеби-жанрлық интерпретация» атты диссертациясы үшін философия докторы (PhD) атағын беруге болады деп есептейміз.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Абай академиясы»
ғылыми-зерттеу институтының директоры



Ж.Әубәкір

